

УДК316.443

БІЛІМ ЖӘНЕ ТЕҢСІЗДІК: ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ

Қадырбекқызы Айгерім

aygerimkadyrbek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, әлеуметтану
кафедрасынның магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., д.м.а. З.Т. Абетова

Дүниежүзілік білім беру жүйесі нарықтық қатынастар жағдайында дамып келеді. Білім беру жүйесі мұқият және жан-жақты зерттеу объектісі болуы керек. Осыған байланысты қазіргі заманғы елдегі білім беру жүйесінің дамуы осы саладағы ғылыми бағыттардың әдістемелік базасын зерттеуді талап етеді.

Білім адамның өмірлік мүмкіндіктерін анықтайды және әлеуметтік мобильділік мүмкіндіктерін жасайды, сондықтан қоғамның әртүрлі топтарындағы адамдар үшін тең емес мүмкіндіктер мәселесі білім әлеуметтануының өзегі болып табылады. Білім берудегі

теңсіздік туралы көптеген зерттеулер бар. Олардың ішіндегі негізгісі Еуропада П.Бурдые мен Ж.К. Пассерон [1] және АҚШ-та Дж.Коулманның [2] зерттеулері болып табылады.

Бұл мақалада біз білім берудегі теңсіздік тақырыбын әлеуметтанудың әртүрлі салалары тұрғысынан қарастырып, зерттеу бағыттарына шолу жасауға тырысамыз.

Білімге қолжетімділіктің теңсіздігі мәселесі қарастырылатын маңызды сала – функционалдық теория. Функционалдық теория шеңберінде білімнің функцияларын, оның қоғамдағы рөлін талдауға көп көңіл бөлінеді. Бұл теорияның постулаттарына сүйене отырып, білім беру институтының функцияларына талдау жасап, олардың әртүрлі тарихи жағдайларда қалай өзгертінін, олардың қайсысы айқын болатынын, қайсысы жасырын болып қалатынын, ал қайсысы өз маңызын толығымен жоғалтатынын қарастыруға болады. Функционалистік теорияларда мектеп әлеуметтік сценарийде маңызды рөл атқарады, өйткені жеке жетістіктер мен прогресс еңбекке (жеке қасиеттерге) емес, басымдықтарға негізделген. К.Дэвис пен У.Мур өз еңбектерінде[3] теңсіздік барлық қоғамдар үшін қажет болғанын дәлелдейді, дегенмен, барлық қоғамдар тең білім беру мүмкіндіктерін құруға, әділеттілік пен меритократиялық тәртіптің маңызды құрамдас бөлігінің болуына негізделген эволюциялық қозғалыспен сипатталады.

Функционалдық теория контекстінде білім және теңсіздік тақырыбы бойынша қарастыруға болатын мәселелер:

а) білім деңгейіне байланысты жеке адамдардың мобильділігі;

ә) әлеуметтік төменгі тап өкілдері үшін жоғары сапалы орта және жоғары білімнің қолжетімділік дәрежесі;

б) орта білім берудің оқу орындары жүйесінің үш деңгейлі құрылымы: элиталық гимназиялар, лицейлер, арнайы мектептер;

в) ішінара ақылы білім беру қызметтері немесе білім берудегі жеке жеңілдіктері бар мектептер.

Функционалдық теория білім алуға қолжетімділіктің теңсіздігін қарастырады, оқушылардың жеке қабілеттерін және мектеп пен оқу орнының типі арасындағы айырмашылықтарды ескереді, бірақ өскелең ұрпақтың мобильділігіне әсер ететін факторларды есепке алмайды. Білім алушылардың мүмкіндіктері тең болса да, әлеуметтік және мәдени капиталдың төмен деңгейі олардың мансаптық өсуіне кедергі келтіруі мүмкін, сондықтан олардың мақсаттарына жету үшін қажетті күш пен уақыт сияқты факторларды ескеру қажет.

Белгілі француз әлеуметтанушысы Р.Будон өзінің атақты «Мүмкіндіктер теңсіздігі: өнеркәсіптік қоғамдағы әлеуметтік мобильділік» атты кітабында қоғамның әлеуметтік ұдайы өндіріс процесін қарастыра отырып, жұмысшы табынан шыққан оқушылардың ата-аналары өз балаларының жоғары білім алуына мүдделі емес деген пікір қалдырады [4]. Олар өз балаларына мамандық таңдауда әртүрлі факторларды ескереді, олардың ішінде ең маңыздысы қатер дәрежесі болып табылады. Қатердің себебі мынада: оқыту басталғаннан оның аяқталуына дейін бірнеше жыл өтеді, бұл кезде экономикалық жағдай өзгеруі мүмкін, жұмыссыздық көбеюі мүмкін, әсіресе интеллектуалдық еңбекке байланысты кәсіптерде. Олардың ойынша, кейін жұмыста қиындықтар туындауы мүмкін, сондықтан соншама жылдарды оқуға жұмсаудың қажеті жоқ. Осы себепті олар өз балаларына оқуға әлдеқайда аз уақытты қажет ететін мамандықтарды таңдағанды жөн көреді. Бұған беделді университеттерде ақылы білім алу факторы қосылады, ол жоғары интеллектуалдық жұмысты қажет ететін мамандық таңдауда тежеу болып табылады. Осының барлығы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті ұдайы өсуіне негіз болады.

Функционализмнің маркстік сыни талдау тұрғысынан, мектеп пен қоғам арасындағы қарым-қатынас жоққа шығарылмайды, олардың таптық үстемдіктегі теңсіздікке негізделгенін айрықша атап көрсетеді [5]. 1980 жылдардың ортасынан бастап, марксистік білім беру саласындағы ғалымдардың көпшілігі өз еңбектерінде мектептердің капитализм кезіндегі теңсіздіктің ұдайы өсіміне тән функциясы бар екенін атап өтті. 1970 жылы С.Боулз, Г.Гинтс, Дж.В.Спринг алғаш рет мектептер үстем таптың мүддесіне қызмет етеді деген

идеяны алға тартты. Ол мектепті қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарын қалыптастырушы ретінде саяси тұрғыдан қарастыра бастады. Бұл теория бойынша, мектептің рөлі кедейлердің бойына жақсы «жұмысшы» болуға тырысатындай сенім мен көзқарасты сіңіру арқылы оларды қоғамдағы белгілі өз орнында қалдыру, ал үстем таптың балаларын басқару және қадағалау дағдыларына үйрету арқылы билікте ұстау болып табылады [6]. Осылайша, мектептер қоғамның жағдайын және таптық құрылымдық теңсіздіктерді бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар осы теңсіздіктердің тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Боулз және Гинтис (1976) неомаркстік принциптерге негізделген білім беру мекемелерін сынай отырып, мектептер оқушыларды саяси пассивті етеді, олардың қоғамдағы әлеуметтік жағдайын анықтайды және қоғамның әлеуметтік стратификациясын арттырады деп тұжырымдайды.

Жоғарыда аталған контексте қарастырылатын зерттеу сұрақтары:

а) оқу орындары қаншалықты дәрежеде қоғамдық құрылымның ұдайы өндірісі, таптар мен жіктердің өзара оқшаулану орны болып табылады;

ә) білім беру жүйесінің қай деңгейінде әлеуметтік теңсіздік байқалады;

б) сапалы орта және басқа білім түрлеріне қол жеткізуге әсер ететін факторлар: отбасының материалдық жағдайы, қоныс түрі, туыстық байланыстар;

в) әлеуметтік теңсіздікті нығайтудағы ақылы білім берудің рөлі.

Мектеп әлеуметтік жағдайдың тұрақты сақталуына ықпал ететін мекеме ғана емес, үстем таптар мен олардың мүдделерін нығайтуға қызмет ететін құрылымға айналады. П.Бурдые өз еңбектерінде білім беру жүйесіндегі және басқа мәдениет мекемелеріндегі әлеуметтік теңсіздіктің «қайта өндірісі» туралы классикалық социологиялық сұраққа жауап беруге тырысады. [1]. П.Бурдые жоғары интеллектуалды орта топ студенттерінің жетістіктерін және жоғары білім мәртебесін сақтап қалған француз қоғамының құрылымын зерттеді. Э.Дюркгейм еңбектеріне сүйене отырып, ол жоғары білімді күнделікті білім беруден қалай ажыратуға болатынын зерттеді. Пьер Бурдые қоғамдағы айырмашылықтар мен теңсіздіктердің мәдени кодтардың сорттары ретінде қолданылатынын көрсетті [1]. Бұл код мәдени айырмашылықтың белгілі бір түрі арқылы әлеуметтік тап сияқты әлеуметтік айырмашылықтарды қалыптастырады. Осы негізде білім беру мекемелерін мәдениетті кодтайтын құрылымдар ретінде қарастыруға болады және бұл кодтар әлеуметтік категорияларды қайта жасайды. Зерттеудің бұл бағыты білім беру ортасын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Білім беру ортасын үш деңгейде қарастыруға болады: макро-, мезо-, микро-орта; және әртүрлі басқару сегменттері: басқару ортасы, студент/оқушы ортасы, ата-ана ортасы. Атап айтқанда, келесі сұрақтарға талдау жасалынады:

а) Әлеуметтік теңсіздіктің артуына қандай факторлар әсер етеді (әлеуметтік шығу тегі, ата-ананың жағдайы, ата-ананың білім деңгейі, қаржы);

ә) Ата-ана мәртебесінің қайта өндірісі мәселесі;

б) Білім алуға қызығушылыққа әсер ететін факторлар: қоныс түрі, білімнің құндылығы.

Э.Гуссерльдің феноменологиясын білім беру әлеуметтануы шеңберінде қолдана отырып, оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың ішкі дүниесін: осы процестің субъектілерінің мотивтерін, құндылықтарын, қажеттіліктерін, мақсаттарын, мүдделерін зерттеуге болады. Феноменологтар қатысушылардың жағдай туралы білімін анықтауға, олардың өзара әрекеттесудің басқа қатысушылары туралы біліміне назар аударады. Өзара әрекеттестіктің басқа қатысушыларын тану процесінде оның мінез-құлқын түсіндіру үшін категориялар жиынтығын пайдаланады. Бұл теория шеңберінде мұғалімдер мен оқушылардың бір-бірі туралы білімдерінің әртүрлі типтері мәселесін зерттеуге болады. Бұл білім стереотипті (сыртқы келбетін, киімін, шаш үлгісін, мінез-құлқын, эмоционалдық ерекшеліктерін, сөйлеуін және т.б. априорлық бағалау негізінде) және белгісіз болуы мүмкін. Білім алушылар мен мұғалімдердің бір-бірі туралы білімдерін номинациялар мен оқушыларды санаттарға бөлу, ярлық тағайындау (жақсы және жаман) арқылы көрсетуге болады.

Этникалық азшылықтарға тек орта кәсіптік білім қажет деген көзқарасты ұстанататын мәдени-генетикалық теорияларды білім мен теңсіздік тақырыбын талдауда да қолданады. Генетикалық және мәдени теңсіздік теорияларын жақтаушылар мектептегі үлгерімнің төмен болуын басқа мәдени топтардың балаларындағы тілдік құзыреттілік, әлеуметтік дағдылар мен интеллектуалдық қабілеттердің жоқтығымен байланыстырады. Бұл теорияларды жақтаушылар мәдениет уақыт өте келе өзгереді, бірақ генетикалық мұра өзгермейді деп санайды.

Бурдьенің пікірінше, білім таптық қақтығыстар түріндегі зорлық-зомбылықтың символдық құралы болып табылады, онда қақтығысушы топтар жалғыз заңды тұлғалар ретінде әлемге көзқарастарын, классификациялық схемаларын «кімді (және қандай себептермен) кім деп санауға болады» деген идеясын таңуға тырысады.

Символдық интеракционизм зерттеушілердің назарын білім беру процесінің әртүрлі қатысушылары: мұғалімдер мен оқушылар, оқушалар мен оқушалар арасындағы тұлға аралық қатынастарға аударады. Теорияның негізін Дж.Мид пен К.Кули салды, олар индивидтердің әлеуметтенуін олардың өзара әрекеттесуінің нәтижесінде қарастырды. Әлеуметтанушылары бұл бағытта жеке адам топтары арасындағы, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушылар, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі арасындағы өзара әрекетті қарастыру үшін пайдаланады. Бұл бағытта мұғалімдердің оқушылардың оқу жетістіктеріне, оқушылардың қабілеттеріне, сонымен қатар мектептер тоталитарлық ұйымдар ретінде зерттеле бастады. Бұл зерттеу саласында авторитарлық және диалогтық білім беру кеңістіктері, мұғалімнің оқушыларға деген көзқарасының түрлері және т.б. сұрақтар қарастырылады.

Педагогикалық тәжірибелер, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, оқушыларды сұрыптау емтихандары экономикалық тұрғыдан табысты және жақсы оқитын балаларды қолдаудың және мүмкіндігі шектеулі және білім деңгейі төмен балаларды маргинализациялаудың жасырын механизмдері болып табылады. Зерттеу нәтижелері орта және жоғары білім беру жүйесі жалпыға қолжетімді бола отырып, таптық және мәдени теңсіздікті жойды, алайда бір жағынан оны нығайтқанын көрсетеді [7]. Мысалы, жалпықоғамдық мектептерде басқару қоңырауларға немесе басқа бақылау механизмдеріне негізделеді, ал элиталық мектептерде оқушыларға физикалық және эмоционалды түрде ашықтық рұқсат етіледі және олардан еркіндік пен сыни ойлау талап етіледі. Аз қамтылған қауымдастықтардағы оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас доминантты қарым-қатынасқа ұқсас, оқу бағдарламасы да басқаша [6].

Сонымен, білім беру жүйесіндегі теңсіздіктің тұрақты өсуі екі кезеңде жүреді. Бірінші кезең – әртүрлі әлеуметтік топтардағы адамдардың жоғары білімге қол жеткізіндегі теңсіздік. Екінші кезеңде теңсіздік оқу процесінде қайтланады [1]. Әлеуметтанушылардың пікірінше, теңсіздіктің бұл түрін тек әлеуметтік-экономикалық детерминанттармен түсіндіруге болмайды.

Қорытындылай келе, әлеуметтанудағы білім беру мен теңсіздікті талдаудағы сан алуан теориялық зерттеу бағыттары арқылы олардың бір-бірімен тығыз байланысты екенін көруге болады және олардың қазіргі білім беруді талдау үшін өзектілігі мен әдістемелік мәнін сақтап қалғанын атап өту керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Bourdieu P., Passeron J.-C. Les Héritiers. Les étudiants et la culture. Paris: Minuit, coll. «Le sens commun», 1964.
2. Coleman J.S. Department of Health USA. Equality of educational opportunity. Vol. 2. Washington, DC: US Department of Health, Education, and Welfare, Office of Education, 1966.
3. Davis K., Moore W. E. Some principles of stratification // American sociological review. – 1945. – Т. 10. – №. 2. – С. 242-249.
4. Boudon R., Cuisin C.-H., Massot A. L'axiomatique de l'égalité des chances, Paris: L'Harmattan, 2000.

5. Levinson D., Cookson P., Sadovnik A. (ed.). Education and sociology: An encyclopedia. – Routledge, 2014.

6. Руссо Ж.-Ж. Педагогические сочинения. Т. 2. М.: Художественная литература, 1981.

7. Шкаратан О.И. Ожидания и реальность. Социальная мобильность в контексте проблемы равенства шансов // Общественные науки и современность. 2011. № 1. С. 5–24.